

**«6D080100-Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде
өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін “жасыл технологияны”
қолдану арқылы арттыру» тақырыбындағы Абсатова Ботагоз
Алиякбаровнаның
диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Соңғы жылдары жоңышқа тұқымдарының тапшылығы сезілуде, бұл республикадағы көпжылдық шөптердің тұқым шаруашылығының бұзылуымен байланысты. Сондықтан кондициялық тұқым алу мақсатында ескі жастағы жоңышқа дақылдарының өнімділігін арттыру тәсілдері, сондай-ақ «жасыл технологияларды» қолдану арқылы шөптің шығымдылығын арттыру және де түп саны сиреген ескі жастағы жоңышқа дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында дәнді, бір жылдық мал азықтық шөптерді, бұршақты, майлы дақылдарды себу арқылы өсімдік жамылғысын тығыздау мал шаруашылығының жемшөп базасын шешудегі өзекті мәселе болып табылады.

Мал азықтық дақылдарды өсірудің «жасыл» технологиясы жоғары экологиялық тиімділікті қамтамасыз етеді. Көпжылдық шөптердің дақылдары 3-4 жыл ішінде топырақтың егістік қабатында өсіру жағдайларына байланысты 3-тен 12 тоннаға дейін органикалық қалдықтарды жинайды. Тамырларда кездесетін бұршақ дақылдарының түйнек бактериялары (жоңышқа, эспарцет, дәрілік түйежоңышқа және т.б.) тәлімі жерлердің топырақтарында 100-150 кг/га және суармалы жерлерде 350-400 кг/га азоттың жиналуын қамтамасыз етеді. Осылайша, көпжылдық шөптерді өсірудің «жасыл» технологиясына көшу тозған жерлердің құнарлылығын жедел арттыруға ықпал етеді және жоғары өнімді «жасыл» ауыл шаруашылығын дамыту үшін берік негіз жасайды.

Мал азықтық дақылдарды өсірудің «жасыл» технологиясы жоғары әлеуметтік тиімділікті де қамтамасыз етеді. Ол әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін қарапайым және қолжетімді, бұл жергілікті қауымдарға, шағын және орта шаруашылықтарға топырақтың құнарлылығын жеделдетіп арттыруға және топырақтың нашарлаушы экологиялық ахуалына, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына тез бейімделуге және мал азық дайындау мен мал шаруашылығын жүргізу арқылы өз қызметін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселе бүгінгі қалыптасқан экологиялық жағдайдың өзекті бағыты.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жылдар орындалған ғылыми зерттеу жобасы аясында жүргізілген. Шифр: 0.0880

Ғылыми-техникалық бағдарлама: «Создание высокопродуктивных пастбищных угодий в условиях северного и западного Казахстана и их рациональное использование»

Аталған АО «Ғылым қоры» гранттық қаржыландыруы докторант А.Н.Алимбекова ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды.

Диссертациялық жұмыс жұмысында түп саны сиреген ескі жоңышқалыққа агротехникалық күтіп баптау жұмыстарын атқарып «жасыл технологияны» қолданып жаздық арпа, мақсары және судан шөбін сеуіп аралас өсірудің нәтижесінде гектар түсімін 1,5-1,7 есе жоғарлатуға болады, және алынған өнімнің мал азықтық сапасын едәуір арттыруға, ерте көктемде түп саны сиреген ескі жоңышқалықты чизель культиватормен ЧКУ-4,0 жұмыршақты қашау өңдеуішімен жабдықталған қопсытқышпен 12-14 см тереңдікке бір тіркемеде БЗТС-1,0 ауыр тырмалармен тырмалап жоңышқалықтың жапырақтанып бұтақ шығару дәуірінде өскін үдеткіш «Вымпел»-0,5 л/га және микротиңайтқыш «Оракул» мультикомплекс -2,0 л/га мөлшерінде әр гектарға жұмыс сұйықтығын 250 л/га бүрке отырып қолдану нәтижесінде мал азықтық бірлігінің жиынтығы 1636,8 кг/га жетті, ал мал азықтық протейін мөлшері 2591,6 кг/га құрап бақылау нұсқасымен салыстырғанда сәйкесінше 1,8 есеге артты.

Көп жылдық зерттеулер нәтижесінде ең жоғарғы өнімділік егістікке ерте көктемде минералды тыңайтқыштарды қолданып $P_{40}N_{12}$ кг/га ескі жоңышқалықты чизель культиватормен 12-14 см тереңдікке жұмыршақты қашау пішінді өңдеуіш құралдарымен қопсытып бір мезгілде тырмалап, соңынан зиянкестерге қарсы инсектицид қолданған нұсқада «Красноводопад тез пісетін» сортының кондициялы тұқым өнімділігі 2,21 ц/га болды және құрғақ шөп өнімділігі 41,4 ц/га құрады.

Ерте көктемде ескі жоңышқалық танабына $P_{40}N_{12}$ кг/га минералды тыңайтқыштар енгізіп соңынан жұмыршақты қашау тәрізді өңдеуіш құралдарымен жабдықталған чизель культиватормен (ЧКУ-4,0) 12-14 см тереңдікке қопсытып, осы құралмен бір мезетте тырмалап, соңынан зиянкестерге қарсы инсектицид қолданғанымызда «Красноводопад тез пісетін» сортын тұқым өндіру мақсатында өсірген нұсқада ең жоғарғы шартты таза табыс әр гектардан 170,0-272,2 мың тенгені құрады. Зерттеулер нәтижесінде, агротехнологиялық күтіп-баптау жұмыстарын оңтайлы мерзімде атқарған нұсқада шартты таза пайда өңделмеген бақылау нұсқасымен салыстырғанда 3,1 есеге артты.

Қорыта айтқанда түп саны сиреген ескі жоңышқалыққа агротехникалық күтіп баптау жұмыстарын атқарып «жасыл технологияны» қолданып жаздық арпа, мақсары және судан шөбін сеуіп аралас өсірудің нәтижесінде гектар түсімін 1,5-1,7 есе жоғарлатуға болады, және алынған өнімнің мал азықтық сапасын едәуір арттыруға қол жеткізді.

Жұмыстың апробациясы

Жалпы 10 ғылыми еңбек баспадан шықты, оның ішінде диссертация мәліметтері бойынша: ҚР ҒЖЖБМ ұсынылған ғылыми басылымдарында-4;

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 2, оның ішінде шет елдік конференция материалдарында – 1;

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ғылыми мақалалар жинағында -1; Өндіріске ұсыныс – 1; Диссертацияның негізгі қағидалары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалған: «Қазақстанда жоңышқа ауыспалы егістері негізгі дақыл» IV халықаралық ғылыми конференция «Global science and innovations 2019: Central Asia», III том. – Астана, 2019. – б. 19-23; «Эффективность агротехнологии ухода семенников старовозрастной люцерны в условиях богары юга Казахстана» CLXXXII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Молодой исследователь: вызовы и перспективы» — № 35(182) — Мәскеу, «Интернаука» баспасы, 2020 – б. 36-39;

Ғылыми жаңалығы

Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі тәлімі жерлерде алғаш рет «жасыл» технологияны қолдану арқылы түп саны сиреп кеткен ескі жоңышқалықтың тұқым өнімділігін арттыру мен қатар ерте көктемде ескі жоңышқалықты жеңіл өңдеп түп саны сиреген танапқа жаздық арпа, мақсары, судан шөбін егіп көкбалауса мен шөп өнімділік құрылымына әсері зерттелініп зерделенді. Қолданылған өскін үдеткіші мен микротаңайтқыштың және жеңіл өңдеу технологиясының алынған өнім көрсеткіші мен сапалық құрылымына әсері анықталды.

Практикалық және теориялық маңыздылығы

Орындалған жұмыстардың нәтижелері аграрлық ғылымды дамытуда үлкен маңызға ие және оларды енгізу өндірушілердің үлкен қызығушылығын тудырады. Себебі, тәжірибе жүргізу кезінде пестицидтер, өскін үдеткіш, микротаңайтқыштар және өңдеу құралдарының жаңа буыны қолданылды.

Докторант зерттеу жұмысында далалық тәжірибе қоюды, алынған деректерді өңдеуді, ғылыми нәтижелерді жинауды жүзеге асырды. Зертханалық жағдайда алынған мәліметтерді талдау әдістері игерілді. Тәжірибелік мәліметтерді өңдеу, алынған нәтижелерді сараптау және қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау ізденушінің өзінің қатысуымен жасалды. Докторант алынған зерттеу нәтижелерін шетелдік және отандық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндады.

Абсатова Б.А. ұсынған «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін “жасыл технологияны” қолдану арқылы арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының докторлық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін көрсетеді және 6D080100-Агрономия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекшісі:

а.ш.ғ. докторы, профессор,



С.Ә.Оразбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМдар АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМдар УНИВЕРСИТЕТІ
«13» 05 2025ж.